

6D070400 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған Чинибаева Толғанай Темірболатқызының «Гетерогенді құрылымы бар деректерді басқаруға арналған үлгілер мен әдістер (BIG DATA)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Чинибаева Т.Т. диссертациялық жұмысында атқарылған үлкен жұмыстардың циклы келтірілген. Бұл жұмыстарды автор 2013-2021 жылдар арасында орындаған. Барлық атқарылған жұмыстардың ортақ идеясы – ғылыми ұйымдардың қызметін сипаттайтын ақпараттарды бақылау мен талдау үшін қолданылатын гетерогенді құрылымы бар үлкен деректерді басқарудың үлгілері мен әдістерін ұсынумен анықталады.

Әртүрлі ақпарат дереккөздерінен жиналған гетерогенді құрылымы бар деректерді біріктіру мәселесінің ғылыми сарапмасының қорытындысы бойынша аталмыш пәндік аймақтағы білім жүйеленбеген, әрі үлкен деректерді басқарудағы тәсілдемесінде бірыңғай әдістің жоқтығы ғылыми зерттеудің құрылымын, мақсатын және тапсырмасын анықтады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – берілген ғылым саласындағы ғалымдардың жарияланымдарын сипаттайтын ақпаратты іздеу, жүйелеу, сақтау, аннотациялау және талдаудың математикалық үлгілерін, алгоритмдерін және құжат корпусын қолданып бағдарламалық жасақтамасын әзірлеу.

Берілген диссертациялық жұмысқа келесі мәселелерді шешу жүктелді:

1. Қолданыстағы ғылыми ақпаратты басқаруға арналған әдістер мен тәсілдеріне зерттеу жұмысын жүргізу.

2. Мәтіндер коллекциясынан берілген терминдерді тақырып бойынша бөліп іздеп табу алгоритмін әзірлеу және қолдану.

3. Ғылыми білім саласының онтологиясын құрастыру алгоритмін әзірлеу.

4. Жүйе архитектурасын дамыту, қолданыстағы жүйелермен интеграциялау мүмкіндігімен тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

5. Әзірленген алгоритмдердің нәтижелерін тестілеу және тәжірибелік бағалау.

6. Дайындалған алгоритмдердің нәтижелерін бейнелеу.

Бұл мәселелерді шешу үшін Чинибаева Т.Т. қазіргі күнге дейін осы салада атқарылған еңбектерге ауқымды шолу жасады. Сол шолудың негізінде диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы ғылыми

конференция хабарландыруларынан және ғаламтордағы іздеу жүйелерін қолдана отырып интеллектуалды жүйе прототипінде ізденуші жасаған тақырып бойынша қойылған талаптарды қанағаттандыратын жұп-терминдерді мәтін жинақтамаларынан бөлу және ғылыми білімдердің жеке саласының онтологиясын құру алгоритмдері, онтология және SPARQL тілін пайдалана отырып жасалынған жүйе сұраныстардың ресми сипаттамасы болып табылады.

Докторант Чинибаева Т.Т. алдына қойылған барлық тапсырмаларды оңтайлы шеше білді. Диссертациялық жұмыстағы негізгі зерттеулер Қазақстан Республикасында және шет мемлекеттердің ашық баспаларында жарық көрді.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында докторант Чинибаева Т.Т. 8 жыл бойы гетерогенді деректерді басқару әдістері мен үлгілерін қолданатын интеллектуалды жүйе жұмысына бағытталған ғылыми – зерттеулік жобаларға белсенді қатысты. Бұл докторанттың алдына қойылатын күрделі ғылыми-қолданбалы мәселерді өз бетімен шеше алатынын дәлелдейді.

Берілген диссертациялық жұмыс жоғары ғылыми деңгейде орындалған, аяқталған ғылыми-зерттеулік еңбек болып табылады.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің докторлық диссертацияларға қойылатын барлық талаптарына сай орындалғандықтан, арнайы Кеңесте қорғауға ұсынылады.

Ғылыми кеңесші
«КИЖАҚ» кафедрасының
профессоры, техника
ғылымдарының докторы

Подпись указанного лица удостоверяю
Ускенбаева Р.К.
ОТДЕЛ
КАДРОВ
АК * АО * У

Ускенбаева Р.К.